

Отырар ауданы білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Өндірістік кеңестің

№2 Хаттамасы

13.12.2023ж

Қатысқандар:55

- 1.Нормативтік-құқықтық актілермен танысу.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктерге дайындық.ТҚ және ӨҚ нұсқаулықтарымен таныстыру.
3. Балабақшада ойыншықтарды қолдануға қойылатын талаптар

1 ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі А.Шуленбаева бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйым қызметінде басшылыққа алатын нормативтік құқықтық актілер жайлы айтып өтті.Оның ішінде «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларына тоқталып өтті.

Бала өмірін және денсаулығын қорғау бойынша жұмысты,баланың дене бітімінің дамуын ,эмоционалдық және психикалық дамуын қамтамасыз етілуі

Жайлы атап өтті.Біздің жылдық жоспарымыздың міндеттерінің бірі «Денсаулық сақтау технологиясын қолдану тиімділігін арттыру,балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға ,салуатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ету.

Сондықтан салауатты өмір салтын ұйымдастыру,рационалды теңдестірілген тамақтануды ұйымдастыру ,медициналық-педагогикалық бақылауды қолға алу.Қызметкерлерді ішкі тәртіп мақсат міндетімен таныстырып өтті.

Осы ішкі тәртіптің сипаты заңнамалармен ,еңбек шарттары туралы ережелермен ,қызметкерлерге әлеуметтік көмек көрсетумен,жұмыс берушінің кепілдіктері және жеңілдіктермен салыстырғанда қосымша басымдылық болып табылады.Ішкі еңбекте сонымен қатар қызметкерлердің құқығы жайлы,жұмыс уақыты,еңбек тәртібі,демалыс уақыттары жайлы айтылды.

2.ТЫҢДАЛДЫ: Екінші мәселе бойынша шарушылық меңгерушісі алдағы жаңа жыл мерекесінде отшашуларға қатаң тыйым салынатындығын ескертті.

Өрт қауіпсіздігі шараларының орындалуы жөнінде ,эвакуациялау жайлы біраз мағлұмат берді.Қысқа дайындық жөннде айта келе жылу құрылғыларының суы жаңартылып ,іске қосуға дайын екенін мәлімдеді.

Техника мен өрт қауіпсіздігі нұсқаулықтарын тағы пысықтады.

3.ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша мейірбикесі сөз алып топтардағы тазалық мәселелерімен бөлісті.

Топтардағы тазалық жұмыстары:

Ылғалды жинау;

Түбегейлі жинау;

Ойыншықтарды тәрбиешілер бала қабылдамай тұрып және кешкісін бала қайтқанда 2 пайыздық сабынды содалы суда жуып оны ағынды сумен шаяды.

Түбегейлі жинау:әр айдың соңында бала жоқ уақытта түгел заттарды ортаға жиыстырып дезинфекциялы ерітінді «ДЕОХЛОР»ерітіндісімен жуады.

Тәрбиешілер мен кіші қызметкерлердің осы ережені үнемі орындап отыруы жайлы айтып өтті.

ШЕШІМІ:

- 1.Нормативтік құжаттармен үнемі таныстырылып отырсын
- 2.Мерекелік ертеңгіліктерде өрт қауіпсіздігі сақталсын.
- 3.балабақшаның санитарлық жағдайы сақталсын.

Төрайымы:

Хатшы:



А.Шуленбаева

Ұ.Шынтерекова

Отырар ауданы білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Өндірістік кеңестің

№1 Хаттамасы

08.09.2023ж

Қатысқандар:52

- 1.2020-2025жж даму бағдарламасының орындалуын талқылау
2. 2023-2024 оқу жылына және қысқы маусымға дайындық
3. .ТҚ және ӨҚ нұсқаулықтарымен таныстыру.Ішкі еңбек тәртібі мен лауазымдық міндеттері бекітілсін.

1.ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша әдіскері Г.Калмурзаева бірінші мәселе бойынша сөз алды.

Бақшамызда білім беру процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына,Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына ,Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылып орындалып келеді.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне,мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына ,оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар айқындалған.Тәрбиешілерге бекітілген нормативтік құжаттар тізімі көрсетіліп,топ құжаттарының мемлекеттік стандартқа сай екендігі айқындалды.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне,мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына оқу жүйесіне қойылатын талаптар айқындалған.

2.ТЫҢДАЛДЫ:екінші мәселе бойынша меңгеруші А.Шуленбаева сөз алып,жаңа оқу жылына топтарды стандарт талаптарына сай етіп жабдықтау керек екенін жеткізді.Бақшада жқмыс жасап отырған он екі топты талапқа сай етіп толықтырудамыз.Барлық топтарға жаңадан стол орындықтарымен келетіндігі айтылды.

Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті.Жазғы сауықтыру кезінде балалар денсаулығын нығайту үшін түрлі іс-шаралар жасалып,спорттық сайыстар,ауа,күкн,сумен жасалатын жаттығуларды мейірбикемен бірлесіп өткізеді.

Жаңа оқу жылындағы қысқы маусымға түзілген жоспар бойынша барлық шаралар орындалуда, балабақшаның пештері, қазандықтары жылыту маусымына дайындықтан өтуде.

3. ТЫҢДАЛДЫ: үшінші мәселе бойынша шаруа меңгерушісі сөз алып, барлық қызметкерлерді техника қауіпсіздігі бойынша және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтармен таныстырды. Қызмет барысында қызметкерлердің қауіпсіздік ережелерін сақтап, әрқашан сақ болуларын ескертті.

Сөз сөйлегендер: келесі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі қызметкерлерді ішкі еңбек тәртібімен таныстырып өтті. Әрбір қызметкер өзінің міндетін біліп, жұмыс уақытын үнемі дұрыс пайдаланып, өз ісіне аса жауапкершілікпен қарауға шақырды.

ШЕШІМІ:

1. Жаңа оқу жылының жоспары орындалсын
2. Қысқы маусымға дайындық жүргізілсін
3. Техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі бойынша ережелер сақталсын. Ішкі еңбек тәртібі мен лауазымдық міндеттері бекітілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



А.Шуленбаева

Ұ.Шынтерекова